

## **Атырау облысында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2002-2003 жылдарға арналған Бағдарламасы туралы**

Екінші сайланған Атырау облыстық Мәслихаты XXI сессиясының шешімі. 2002 жылғы 6 желтоқсандағы N№266-II. Атырау облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 25 желтоқсанда N 1235 тіркелді

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 16 мамырдағы N№334 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған Стратегиясын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 шілдедегі N 736 "Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2002-2003 жылдарға арналған Бағдарламасы туралы" қаулысын жүзеге асыру мақсатында, облыс әкімияты қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Атырау облысында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2002-2003 жылдарға арналған Бағдарламасы мақұлданып, облыстық Мәслихаттың бекітілуіне ұсынылсын (бұдан әрі - Бағдарлама).

2. Атырау қаласы және аудан әкімдері, барлық мүдделі мемлекеттік органдар Бағдарламада көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т.Қ.Мүрсәлиеваға жүктелсін.

*Облыс әкімі*

**Атырау облысында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2002-2003 жылдарға арналған Бағдарламасы**

### **1. Бағдарламаның паспорты**

Атауы - Атырау облысында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2002-2003 жылдарға арналған бағдарламасы

Өзірлеу үшін негіздеме - Президенттің "Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" деген 1997 жылғы 10 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауы; - "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан

Республикасының Заңы;

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 16 мамырдағы N 394 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2002-2003 жылдарға арналған Стратегиясы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 шілдедегі N№736 "Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2002-2003 жылдарға арналған Бағдарламасы туралы"

қаулысы.

Негізгі  
әзірлеушілер

- Облыс әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық және әскери жұмылдыру жұмысы бөлімі, облыстық әділет басқармасы, Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Атырау облысы бойынша Департаменті, Қаржы полициясының департаменті, Ішкі Істер басқармасы, Атырау стансасындағы ПЖБ, облыстық прокуратура, көлік прокуратурасы, кеден басқармасы, облыстық қаржы басқармасы, облыстық білім беру басқармасы, облыстық денсаулық сақтау басқармасы, мәдениет басқармасы, ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы, еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы.

Мақсаты

- Қазақстан Республикасында нашақорлықтың және есірткі бизнесінің одан әрі таралуына қарсы тиімді мемлекеттік және қоғамдық іс-қимыл жүйесінің

негізгі буындарын нығайту.

Міндеттері

- Нашақорлықтың алдын алу, оны емдеу жүйесін нығайту және есірткіге тәуелді адамдарды оңалту жүйесін есірткінің, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл тетігін нығайту;
- есірткінің заңсыз айналымын және оларды теріс пайдалануды бақылау саласында халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

Қаржыландыру  
көздері

- республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары, шаруашылық жүргізуші субъектілердің өтемсіз техникалық және материалдық көмектері.

Күтілетін  
нәтижелер

- Бағдарламаны іске асыру нашақорлықтың алдын алу тиімділігін арттыруға, есірткіні заңсыз пайдаланатын адамдарды уақытында анықтауға және олардың санын қысқартуға, есірткінің заңсыз кіруіне қарсы Қазақстан Республикасының кедендік және мемлекеттік шекарасын бақылауды күшейтуге, есірткінің, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылау жүйесін нығайтуға, есірткінің заңсыз айналымына байланысты істер бойынша сот ісін жүргізу тиімділігін арттыруға, есірткінің заңсыз айналымын бақылау саласында халықаралық ұйымдар мен донор елдердің назарын аудару арқылы есірткіге сұранысты азайтуға, есірткіге тәуелді адамдарды емдеу және оңалту, есірткінің заңсыз айналымының жолын кесу саласында перспективалы бағдарламаларды әзірлеуде және енгізуде оларға техникалық көмек көрсету үшін халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Іске асыру  
мерзімі

2002-2003 жылдар

## **2. Кіріспе**

Бағдарлама нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес Үкіметтің басым міндеті ретінде айқындалған Президенттің "Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" деген Қазақстан халқына Жолдауына, "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасындағы нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2000-2001 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижелері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған Стратегиясы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 шілдедегі N№736 "Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2002-2003 жылдарға арналған мемлекеттік Бағдарламасы туралы" қаулысы негізінде әзірленді.

## **3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау**

Соңғы жылдары есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды теріс пайдалану әрі олардың заңсыз айналымының республикада жаппай таралуы етек алды және экономиканың, құқық тәртібінің жай-күйіне, қоғамдағы

әлеуметтік-психологиялық ахуалға, халықтың денсаулығы мен тектік қорына барған  
с а й ы н                      т е р і с                      ә с е р                      е т у д е .

Орналасу ерекшелігіне орай Атырау облысының аумағы есірткіні Оңтүстік-Батыс Азия елдерінің Еуропа елдеріндегі, соңғы жылдары Ресейдегі оларды өткізетін әлемдік рыноктарға жеткізу үшін оны транзиттік дәліз ретінде пайдаланатын халықаралық есірткі картельдері мүддесінің аясында қалып отыр.

Қалыптасқан ахуал тиісінше мемлекеттен халықтың психикалық және тән саулығын есірткінің лекіген толқынынан қорғауға бағытталған нақты пәрменді шаралар қ а б ы л д а у д ы                      т а л а п                      е т е д і .

Облыста есірткінің таралуы мен оларды теріс пайдалануға байланысты тіркелген құқық бұзушылық санының өзгеру серпіні олардың ұдайы өсуін айқын көрсетіп отыр. Бұдан басқа, есірткіні жүйелі пайдаланатын адамдар саны да көбеюде. Бұл факторлар облыстағы экономикалық және әлеуметтік ахуалға теріс әсер етеді және үрей туғызады.

Осыған байланысты есірткі айналымына бақылауды одан әрі күшейту, есірткіні теріс пайдалануға қарсы іс-қимылға мемлекеттік құрылымдар мен қоғамдық ұйымдардың қызметін жандандыру мақсатында есірткіге қарсы күреспен айналысатын құқық қорғау құрылымын нығайту мақсатқа сай келеді.

Есірткінің заңсыз айналымы облыста өте маңызды болып отыр, өйткені оған халықтың барлық жігі, соның ішінде балалар да тартылған. Айталық, 01.11.02 ж. жағдай бойынша алдын алу есебінде есірткіні теріс пайдаланатын 729 адам, соның ішінде 4 кәмелетке толмағандар, есірткіні теріс пайдаланатын әйелдер саны үстіміздегі жылдың б а с ы н д а                      29 - д ы                      қ ұ р а й д ы .

Жоғарыда көрсетілген статистикалық және өзге де мәліметтерді талдау есірткіні заңсыз таратуға және оларды медициналық емес пайдалануға байланысты қылмыстар мен өзге де құқық бұзушылықтар саны өсуінің тұрақты үрдісінің сақталуы туралы а й ғ а қ т а й д ы .

Есірткіге қол жетімділік, оларды іс жүзінде кедергісіз сатып алу мүмкіндігі, салыстырмалы түрде арзандығы облыста бүгіндері есірткіні теріс тұтынудың нашақорлық пен есірткі бизнесінің етек алуының басты себептерінің бірі болып отыр. Бұл ретте психиатриялық және наркологиялық қызметтердің жай-күйін жақсарту жөнінде мемлекеттік органдар алып жатқан шаралар әлі де жеткіліксіз.

Қазіргі кезде облыста есірткіге қатысты ахуал:

1) есірткіге тәуелділікпен азап шегуші адамдар үшін алдын алу, емдеу және оңалту көмегінің жеткіліксіз дамуымен;

2) есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстар санының көбеюімен;

3) Атырау облысы аумағын транзиттік дәліз ретінде пайдаланудың жалғасуымен, соның салдарынан есірткінің анағұрлым қауіпті түрлерінің (героиннің, апиынның және синтетикалық есірткілердің) контрабандасы мен транзиттік ұлғаюымен;

4) есірткіні тұтынушылар жасының төмендеуімен сипатталады. Облыстағы есірткіліктің бетін қайтару мемлекет пен қоғамның күші толық жұмдасқанда ғана мүмкін болмақ.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Бағдарламаның мақсаты облыста нашақорлықтың одан әрі таралуына қарсы тиімді мемлекеттік және қоғамдық іс-қимыл жүйесінің негізгі буындарын нығайту және есірткі бизнесіне қарсы күресу болып табылады.

Бағдарламаның аса маңызды міндеттерінің қатарында:

- 1) нашақорлықтың алдын алуды, оны емдеу жүйесін нығайтуды және есірткіге тәуелді адамдарды оңалту жүйесін құруды;
- 2) есірткінің, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл тетігін нығайтуды;
- 3) есірткінің заңсыз айналымын және оларды теріс пайдалануды бақылау саласында халықаралық ынтымақтастықты нығайтуды бөліп көрсеткен жөн.

#### **5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі**

Бағдарламада қойылған мақсаттарға қол жеткізу мен басты міндеттерді шешу үшін облыста нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің қазіргі бар жүйесін нығайтуға бағытталған кешенді шараларды жүзеге асыру көзделген. Нашақорлықтың алдын алу, оны емдеу жүйесін нығайту және есірткіге тәуелді адамдарды оңалту жүйесін құру ісінде назар облыстық наркологиялық диспансердің қызметіне зор көңіл бөлінетін болады. Бүгінгі таңда алдын алу, емдеу және оңалту осы келеңсіз құбылысқа қарсы күрестің неғұрлым пәрменді жолдары болып табылатындықтан, мәселенің осы қыры ерекше назар аударуға лайық және нашақорлық тамырларын анықтау мен жоюға бағытталады.

Мұқтаж адамдардың көмекті уақтылы алу және тиісті қызметтерге қол жеткізу мүмкіндігін туғызу қажет. Бұл ретте есірткі мен психотроптық заттарды пайдаланатын және пайдалануға бейім жасөспірімдерді емдеуге және әлеуметтік оңалтуға ерекше көңіл бөлінеді, осы орайда барлық наркологиялық диспансерлерде жасөспірімдер кабинеті ашылады.

Наркология саласында:

- 1) нашақорлықты әлеуметтік қауіпті ауру ретінде тану жағдайында наркологиялық қызметтерді жетілдіру мен дамыту;
- 2) бас бостандығынан айыру орындарында наркологиялық қызметтерді ұйымдастыруды және жарақтандыруды жақсарту;
- 3) наркологиялық мекемелерді аса тиімді дәрілермен және осы заманғы жабдықтармен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қолдану керек.

Әлеуметтік есірткі иммунитетін егу мақсатында мамандарды, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тарту арқылы есірткіге қарсы тақырыптарда

лекциялар

енгізу

керек.

Есірткіге қарсы тақырыптарда көркем шығармаларға конкурстар, спорттық жарыстар ұйымдастырып, телеарналар мен кинотеатрларда қоғам үшін есірткінің залалы туралы деректі, ғылыми-көпшілік және көркем фильмдер көрсете отырып, жергілікті деңгейде Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне (26 маусым) арналған акциялар өткізу дәстүрге айналып отыр.

Бұндай акциялар әрі қарай өнер шеберлерін, еңбек ардагерлерін, шығармашылық зиялыларды қатыстыру арқылы өткізілетін болады.

Осы Бағдарламаны іске асырудың келесі бағыты нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы заңдарды жетілдіруге және есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына бақылауды күшейтуге бағытталған шаралар кешенін қамтитын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл тетігін нығайту болып табылады.

Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес проблемасы тиімділігі осы салаға тартылған барлық мемлекеттік органдардың бірлесіп үйлестірілген күш-жігері мен іс-әрекеттеріне байланысты жан-жақты сипат алатынын ескере отырып, мемлекеттік органдардың есірткінің заңсыз айналымына қарсы бірлескен іс-қимылды одан әрі әзірлеу қажет.

Осы қызметте келесі маңызды бағыт зертхана жабдықтарын сатуға бақылауды қамтамасыз ету, прекурсорлардың заңсыз жасалуына, таралуы мен олардың ашық айналымынан жасырын айналымға шығарылуына жол бермеу жөнінде шаралар қолдану болып табылады.

Есірткінің негізгі ағыны облысқа іргелес мемлекеттерден заңсыз келіп түсетінін ескере отырып, әуежайдағы, темір жол вокзалындағы және автомобиль жолдарындағы кедендік бақылау учаскелерін күшейту жөнінде шаралар қабылдау керек.

Есірткіге байланысты қылмыстар туралы ақпаратты жедел талдау негізінде есірткі қылмысының серпінін, құбылу себептерін зерделеу және оған қарсы іс-қимылдың тиімді шараларын әзірлеу керек.

Заңсыз егілетін және жабайы өсетін қара сора мен апиын көкнәрін анықтау және жыл сайынғы науқандар, олардың жасырын айналымға түсуінің жолын кесу мақсатында жалғаса беретін болады. Осы мақсатта құрамында есірткі бар өсімдіктердің өсуі және өсірілуі туралы деректер қорын құру, мүдделі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты нығайту керек.

Халықаралық ұйымдар мен шаруашылық ететін субъектілерді есірткіге тәуелді адамдарды емдеу мен оналту, есірткінің заңсыз айналымының жолын кесу үшін оларды техникалық көмек көрсетуге кеңінен тарту керек.

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары оларды кезең-кезеңмен орындауды көздейді. Іс-шаралардың кешендігі нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресте мемлекеттік және жергілікті билік пен

басқару органдарының қызметін барынша үйлестіруге әрі шоғырландыруға септік жасайды.

Бағдарлама нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің қолданылып жүрген нысандары мен әдістерінің тиімділігін арттыруға, мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді одан әрі дамытуға және нығайтуға бағытталған.

Бағдарламаны іске асыруға жергілікті бюджеттен бөлінетін барлық қаражат, сондай-ақ сыртқы техникалық көмек шеңберіндегі жабдықтар мен техника нақты іс-шаралардың орындалуына жауапты тиісті органдарға берілетін болады.

#### 6. Қажетті ресурстар мен оларды қаржыландыру көздері

Осы бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетке берілетін қаражат есебінен және шегінде әрі заңнамамен тыйым салынбаған басқа да көздерден жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаны іске асыру жергілікті бюджет қаражатынан 2002 жылы 22276 мың теңге, 2003 жылы 55057 мың теңге қаржыландыруды талап етеді.

2002 жылы қаржыландыру сомасы нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды орындауға арналған жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімгерлерінің сметаларында көзделген, 2003 жылы тиісті жылға арналған бюджетті қалыптастыру жөніндегі бюджет комиссиясы белгілейді және Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" Заңына сәйкес түзетілуі мүмкін.

#### 7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыруда мынадай нәтижелер күтіледі:

1) нашақорлықтың алдын алу, оны емдеудің тиімді жүйесін нығайту және нашақорлықпен ауыратын адамдарды оңалту жүйесін құру;

2) есірткіні, психотроптық заттарды және прекурсорларды жасырын айналымнан алу жөніндегі қызметті жандандыру, оларды әкелу мен әкетуде Қазақстан Республикасының кедендік және мемлекеттік шекарасын бақылауды күшейту;

3) мүдделі органдарды ұйымдық, кадрлық және материалдық-техникалық нығайту, олардың арасында тиімді өзара іс-қимыл орнату арқылы олардың қызметін жақсарту;

4) есірткінің заңсыз айналымын және оларды теріс пайдалануды бақылау саласында халықаралық ұйымдар мен донор елдердің назарын аудару арқылы есірткіге сұранысты азайту, есірткіге тәуелді адамдарды емдеу және оңалту, есірткінің заңсыз айналымының жолын кесу саласында перспективалы бағдарламаларды әзірлеуде және енгізуде оларға техникалық көмек көрсету

үшін халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

8. Атырау облысында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2002-2003 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

р/с Іс-шара Аяқтау Орындалуына Орындалу Болжанып Қаржыландыру нысаны (іске (іске асырылу) отырған көзі асырылуына мерзімі шығыстар жауаптылар) 2002ж.2003ж.2003ж.

1 2 3 4 5 6 7

Есірткіге тәуелді адамдар арасында емдеу және оңалту жұмысын, нашақорлықтың алдын алуды нығайту

1. Жастар мен Атырау ЕЖҚӘҚБ, ДБ, 2003 ж. Жергілікті жасөспірімдер үшін қаласы және Атырау бюджет

есірткіге байланысты Жылыой ауданы қаласы проблемаларды шешуде әкімдерінің және оларға көмек көрсету шешімдері аудан мақсатында әлеуметтік әкімдері қызметтер құру жөнінде шаралар қабылдау.

2. Әлеуметтік есірткі Оқу ББ, мұнай 2002 ж.

иммунитетін егу мақсатында: орын- және газ

2.1. Балаларға, дарының институты жасөспірімдер жоспарларына университетінің мен жастарға арналған лекциялар ректоры,

есірткіге қарсы оқу- курстарын колледждер танымдық әдебиеттер енгізу туралы директорлары әзірлеу және басып ведомстволық шығару. бұйрық

2.2. Халықаралық Акция ББ, ДБ, МБ, 2002 ж.

нашақорлыққа қарсы өткізу ІБ, ӘБ (келісім сәуір, күрес күніне арналған туралы бойынша), кәсіби маусым, жергілікті деңгейде ведомстволық оқу мекемелері, қазан акциялар өткізу. бұйрық колледждер, ТБ, прокуратура

(келісім бойынша)

2.3. Бұқаралық ақпарат Радиотеле- АҚҚБ, ББ, ДБ, 2002 ж. 276000



құралдары арқылы қоғамдық хабарлар, ІІБ, ҰҚКБ желтоқсан; теңге санада әлеуметтік есірткі жарияланымдар, (келісім 2003 ж. иммунитетін қалыптастыру сұхбаттар, бойынша), сәуір, жөніндегі қызметті ақпараттық- Атырау маусым, жандандыру және азаматтарды насихат қаласы мен қазан мемлекеттік органдардың іс-шаралар, облыс нашақорлыққа және есірткі семинар- аудандарының Жергілікті бизнесіне қарсы күресте тренингтер, әкімдері бюджет қолданып отырған шаралары "дөңгелек туралы, соның ішінде танымал үстелдер", қоғам қайраткерлерін, ғылым конференциялар, мен мәдениет өкілдерін, бейнероликтер дәрігерлерді және басқа да мамандарды тарта отырып хабардар ету.

3. Балалар, жасөспірімдер Оқу- ББ, ДБ, 2002- және жастар арасында есірткі, әдістемелік Атырау 2003 темекі шегудің алдын алу көп сатылы қаласы жылдар жөнінде көп сатылы білім беру білім беру мен облыс бағдарламасын әзірлеу бағдарламасын аудандарының әзірлеу туралы әкімдері ведомстволық Жергілікті бұйрықтар, оқу- бюджет әдістемелік ұсынымдар, мамандардың тағылымдамасы

4. Кәмелетке толмағандарды Осы ДБ 2003 ж. Жергілікті емдеу үшін наркологиялық мәселе бюджет диспансерлер құрылымында бойынша стационарлық бөлімдер әкімнің құру және нығайту шешімі

---

р/с Іс-шара Аяқтау Орындалуына Орындалу Болжанып Қаржыландыру нысаны (іске (іске асырылу) отырған көзі асырылуына мерзімі шығыстар жауаптылар) 2002ж.2003ж.2003ж.

---

- 
5. Есірткінің Әкімдердің Атырау 2003 ж. |20000 |20000| | таралуының жаңа шешімдері, және мың мың үрдістерін ескере наркологиялық аудандарының теңге теңге отырып, облыстағы қызметтерді әкімдері, обл. обл. наркологиялық жетілдіру ДБ наркол. наркол. қызметтерді туралы диспан- диспан- жетілдіру жөніндегі бұйрық серге серге жұмысты жалғастыру.
6. Бас бостандығынан Әкімнің ӘБ 2003 ж. Республикалық айыру орындарында ақпараты (келісім қараша бюджет наркологиялық қызметті бойынша) ұйымдастыруды, жарақтандыруды жақсарту
7. Есірткіні теріс Әкімнің ДБ, ББ, 2002- пайдалануды қысқартуға ақпараты ІІМ 2003 және ЖҚТБ/АҚТҚ бақылауға (келісім жылдар бағытталған жобаларды бойынша) іске асыру.
8. Наркологиялық Әкімнің Әкімдер, 2002- мекемелерді тиімділігі ақпараты ДБ 2003 жоғары дәрі-дәрмек жылдар құралдарымен және қазіргі заманғы жабдықтармен қамтамасыз етуге шаралар қабылдау.
9. Дінге сенушілер мен Әкімнің Әкімдер, 2003 ж. олардың жақындарының ақпараты АҚКБ, ДБ маусым есірткіні тұрақты ББ және 30 қабылдамауын қалыптастыру желтоқсан бойынша діни конфессиялармен өзара іс-әрекет жасау
10. Елімізде есірткіге семинарлар, Әділет қарсы күрес жұмыстарын "дөңгелек басқармасы үйлестіру мақсатында үстелдер", әкімдермен семинарлар, "дөңгелек конференциялар бірге үстелдер", конференциялар өткізу.
11. Мектептерде нашақорлыққа ББ 2003 ж. Жергілікті

қарсы күрес жөніндегі

бюджет

консультациялық пункттер ашу

12. Қалада және аудан ДБ 2003 ж. Жергілікті

орталықтарында наркологиялық бюджет

кабинеттерді қалпына келтіру

мүмкіндіктерін қарастыру.

13. Жастардың бос уақытын Атырау 2003 ж.

ұйымдастыруды ПИК-терге қаласының

ұсыну. және аудандар

әкімияттары

14. Балалар үшін спорт Жастар, туризм 2003 ж.

мектептерін, секцияларын және спорт

ашу мүмкіндіктерін қарау. басқармасы

Есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз

айналымына қарсы іс-әрекет тетігін нығайту

15. Нашақорлықты емдеуге және Әкімнің ДБ, ББ, 2003 ж.

алдын алуға мамандандырылған ақпараты ҚБ

мемлекеттік емес мекемелермен, (келісім

қоғамдық ұйымдармен өзара бойынша)

іс-әрекеттерді нығайту.

16. Құқық қорғау және арнаулы Әкім ПБ

органдарының есірткі бизнесіне шешімі

қарсы күрес жөніндегі

бөлімшелерін ұйымдық және

материалдық-техникалық нығайту.

16 п. графаның жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
---	---	---	---	---	---	---	---	---

16. 2000 ПБ 2000 мың

мың теңге жанындағы теңге Жергілікті

ПБ қызметтік ПБ бюджет

жанындағы иттерді жанындағы

қызметтік ұстау қызметтік

иттерді орнына - иттерді

ұстау 2440940 ұстау

орнына теңге орнына

17. Есірткіні алып Әкімнің ПБ,

өтуге жол бермеу ақпараты кеден  
мақсатында шекаралық басқармасы  
бекеттерде кеден және (келісім  
шекара бақылауын бойынша)  
күшейту. Атырау ст.

ЖІБ

18. Сот сараптамасына Газды Жергілікті  
жабдықтар сатып алу хромотографтарға- бюджет  
мәселесін шешу. 15500

мың теңге;

ИК -

спектрометрге-  
542500 мың теңге

19. Девиантты балалардың 2003 ж. 14574 Жергілікті  
мектеп-интернатының базасына мың бюджет  
есірткіні пайдаланатын, теңге  
кәмелетке толмаған балалар  
үшін 50 орын ашу.

Іс-шаралар жоспарында қолданылған шартты белгілер:

ДБ	-	денсаулық	сақтау	басқармасы
ББ	-	білім	беру	басқармасы
ІІБ	-	ішкі	істер	басқармасы
ӘБ	-	әділет		басқармасы
ҰКҚД	-	ұлттық қауіпсіздік	комитетінің	департаменті
ЕЖҚӘҚБ	-	еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы		